

Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № 12 "Панфилов ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 03 қаулысы . Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 24 қаңтарда № 4079 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № 12 "Панфилов ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3704 тіркелген, 2016 жылдың 19 ақпанында "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Магруппова Роза Азаматовнаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Абдулдаев